

БЕКІТЕМІН»

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық тері-венерологиялық диспансері»
ШЖҚ МҚҚ-ның бас дәрігері
Д.М.Абдусаметов
«01» ақпан 2022 жыл

**Жамбыл облысы, «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық тері-венерологиялық диспансері»
Іаруашылық жүргізі құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорнының сыйбайлас жемқорлықка карсы нұсқаулық**

1-тарау. Қолданылуаясы

1. Бұл Нұсқаулық сыйбайлас жемқорлық бағытындағы әрекеттерге анықтама береді, сыйбайлас жемқорлық сипатындағы жағдай туындаған жағдайда «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық тері-венерологиялық диспансері» ШЖҚ МҚҚ (бұдан әрі - Кәсіпорын) жұмыскерлерінің іс-қимыл тәртібін белгілейді.

2. Осы құжатпен Кәсіпорынның барлық лауазымды тұлғалары міндетті түрде танысып шығып, қолданулары тиіс.

3. Осы Нұсқаулықта келтірілген талаптар ең қажетті бастапқылары болып табылады және олар нақты бір жағдайда толық және/немесе шектеулі талаптар ретінде қарастырылмауы тиіс.

2-тарау. Глоссарий

4. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен қыскартулар:

• **Сыйбайлас жемқорлық** -жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алу.

• **Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі.

• **Пара** – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам немесе оған теңестірілген адам немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам немесе лауазымды адам, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы жеке өзі немесе деддал арқылы алатын ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқықтар немесе мүліктік сипаттағы пайда.

• **Параны қорқытып алу** -адамның пара берушінің немесе ол өкілі болып табылатын адамдардың заңды мұдделеріне нұксан келтіруі мүмкін әрекеттер жасау қатерімен параны талап етуі не құқық қорғау мұдделері үшін зиянды салдардың алдын алу.

3-тарау. Жалпы ережелер

5. Қазақстан Республикасында пара алу және беру әрекеттері занға қайшы және бұл жағдайларда Қылмыстық кодекс пен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс қолданылады.

Егер ақша, өзге мүлік, материалдық қызмет көрсету түріндегі мүліктік пайда лауазымды адамның келісімімен оның туыстары мен жақындарына берілсе немесе егер ол бұған қарсылық білдірмесе және өзінің қызметтік өкілеттігін пара берушінің пайдасына пайдаланса, лауазымды адамның ісәрекетін пара алу деп саралау керек.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ақшамен, бағалы қағаздармен және өзге де мүлікпен қатар, өтеусіз көрсетіletіn, бірақ төлеуге жататын мүліктік сипаттағы пайда (туристік жолдамалар беру, пәтер жөндеу, саяжай салу және т.б.) пара алу және коммерциялық сатып алу нысанасы болуы мүмкін.

Мүліктік сипаттағы пайда деп, атап айтқанда, беріletіn мүліктің, жекешелендіріletіn объектілердің құнының төмендетілуі, жалдау төлемдерінің, банк несиelerін пайдаланғаны үшін төленетіn пайыздық мөлшерлемелердің азайтылуы түсіндіріледі.

6. **Пара алу және пара беру**, бір қылмыстық модельдің екі қарама-қарсы жағы, егер пара туралы айтатын болсак, бұл пара алатын адамның (пара алушы) және оны беретін адамның (пара беруші) бар екенін білдіреді.

7. Пара алу – ең куіпті лауазымдық қылмыстардың бірі, әсіресе егер оны адамдар тобы жасаса немесе қорқытып алушмен бірге жүретін болса, ол лауазымды адамның заңды немесе заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар алу мен пайда көруден тұрады.

8. **Пара беру** - лауазымды адамды заңды немесе заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға көндіруге немесе берушінің пайдасына, оның ішінде жалпы қамқорлығы немесе қызмет бабында бетімен кетушілік үшін қандай да бір артықшылықтар беруге, алуға бағытталған қылмыс.

9. Пара нысандары келесідей болуы мүмкін:

- заттар, ақша, оның ішінде: валюта, банк чектері және бағалы қағаздар, асыл металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомашиналар, тамак өнімдері, бейнетехника, тұрмыстық құралдар және басқа да тауарлар, пәтерлер,

саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер участекелері және басқа да жылжымайтын мұлік;

- пайда көздеу: емдеу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторийге және туристік жолдамалар, шетелдік сапарлар, ойын-сауық және басқа да шығындарды ақысыз алу немесе төмендетілген бағамен төлеу.

- параның бүркемеленген түрі -іс жүзінде жок борышты өтеу түріндегі банктік қарыз, төмендетілген бағамен сатып алған тауарларды төлеу, тауарларды жоғары бағамен сатып алу, паракорға, оның туыстарына, достарына жалақы төлеу үшін жалған еңбек шарттарын жасасу, жеңілдікпен несие алу, дәрістер, мақалалар мен кітаптар үшін қаламақыны негіzsіз көтеру, казинодагы "кездейсоқ" ұтыс, борышты кешіру, жалдау ақысын азайту, кредит бойынша пайыздық мөлшерлемелерді ұлғайту және т. б.

10. Мұдделер қақтығысын болғызбау немесе реттеу туралы шектеулерді, тыйым салуларды және талантарды, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру мақсатындағы өтініштер туралы жұмыс берушінің өкілін хабардар ету міндеттін, сыйбайлас жемқорлыққа қары ісқимыл мақсатында белгіленген өзге де міндеттерді сактау маңызды.

Айта кететін жайт, кейбір сөздерді, екіұшты ойлар мен ым-ишарапты айналадағылар пара беру туралы өтініш (тұспал) ретінде қабылдауы мүмкін.

Мұндай екіұшты ойларға, мысалы, мыналар жатады:

- "Мәселені шешу қыын, бірақ шешүгө болады";
- "Құрғақ қасық ауыз жыртады";
- "Келісіп көрейік";
- "Салмақтырақ дәлелдер қажет";
- "Істің мән-жайын талқылау керек";
- "Ал енді не істейміз?" және т.б.

Ұйымдардың өкілдерімен және азаматтармен, әсіресе олардың пайдасына лауазымды тұлғалардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне байланысты белгілі бір тақырыптарды талқылау пара беру туралы өтініш ретінде де қабылдануы мүмкін.

Мұндай тақырыптарға мысал келтірсек:

- жалақының төмен деңгейі және қандай да бір мұқтаждарды өтеуге ақша қаражатының жетіспеуі;

- қандай да бір мұлікті сатып алуға, қандай да бір қызметті алуға, туристік сапарға баруға ниет білдіру;

- лауазымды адамның туыстарында жұмыстың болмауы;

- лауазымды адамның балаларының білім беру мекемелеріне түсу қажеттілігі және т.б. Лауазымды адамнан түсетін белгілі бір ұсыныстар, әсіресе егер олар ұйымдардың өкілдеріне және пайдасы олардың шешімдері мен әрекеттеріне байланысты азаматтарға бағытталған болса, пара беру туралы өтініш ретінде қабылдануы мүмкін. Бұл мұндай ұсыныстар жақсы ниеттен туындаған және шенеуніктің жеке пайдасына қатысы болмаган жағдайда орын алуы ықтимал.

Мұндай ұсыныстарға, мысалы, келесілер жатады:

- лауазымды тұлғаға және (немесе) оның туыстарына жеңілдік беру;
- анықталған бұзушылықтарды жою, мемлекеттік келісімшарт шенберінде жұмыстарды орындау, қажетті құжаттарды дайындау үшін нақты компанияның және (немесе) сарапшылардың қызметтерін пайдалану;
- нақты қайырымдылық қорына ақша салу;
- нақты спорт командасына қолдау көрсету және т.б.

11. Сыбайлас жемқорлық парага сатып алудың ықтимал жағдайлары, сондай-ақ мінез-құлық қағидалары бойынша ұсынымдар.

Арандату:

Қызмет алу үшін жүгінген азаматтар, бөлімше қызметін тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар тарапынан ықтимал арандатуларды болдырмау үшін:

- келушілер орналасқан қызметтік үй-жайларды және жеке заттарды (киім, портфель, сөмке және т. б.) қараусыз қалдырмаңыз);
- келуші кеткеннен кейін жұмыс орнынан немесе жеке заттар ішінен қандай да бір бөгде заттар табылған жағдайда, өз бетіңізben ешқандай іс-қимыл жасамай, дереу басшылыққа мәлімденіз.

4-тaraу. Қарауындағылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін басшылардың жауапкершілігі

12. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шараларды қүшету мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған және кінәсі сотта дәлелденген қарамағандылары үшін басшыларға дербес жауапкершілік жүктейтін норма қарастырылған.

13. Кәсіпорын жұмыскері өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылық фактілері бойынша қылмыстық қудалау шенберіне тартылған жағдайда, осы жұмыскер ҚР Еңбек кодексіне сәйкес сотка дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезеңінде өзінің лауазымдық міндеттерін орындаудан шеттетіледі. Бұл жұмыскердің тікелей басшысы жұмыскерді өз міндеттерін орындаудан шеттету үшін тиісті шаралар қабылдауға міндетті.

14. Тәртіптік жауаптылықта тарту түрлері келесідей:

- ескерту;
- сөгіс;
- қатаң сөгіс;
- еңбек шартын Еңбек кодексінде қарастырылған негіздермен Жұмыс берушінің бастамасымен бұзу.

Басшы өзіне тікелей бағынышты жұмыскерге қатысты занды күшіне енген соттың айыптау үкімі шыққан кезде немесе қылмыстық істі ақталмайтын негіздермен (рақымшылық жасау, іс жүзінде өкіну, тараптардың татуласуы және т.б.) тоқтату туралы шешім қабылданған кезде жұмыстан шығуға өтініш

беруі тиіс. Жұмыстан шығу туралы өтініш басшыны лауазымға тағайындаған жауапты адамға беріледі.

Жұмыстан шығару және тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау басшыны осы лауазымға тағайындаған тұлғаның құзыретінде болып табылады.

15. Тікелей бағыныштылар келесілер болып табылады:

Кәсіпорынның орталық аппараты

• Бас директор үшін –оның орынбасарлары, бас бухгалтер, Комплаенс офицер;

- бас бухгалтер үшін –бухгалтерлік есеп;

- бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімінің басшысы үшін –бөлімнің барлық жұмыскерлері;

16. Тікелей бағынышты жұмыскері сыйбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықты жасаған жағдайда басшы осы лауазымға тағайындалған күннен бастап 3 ай өткен соң дербес жауаптылықта болатынын назарға алу қажет. Бұл ретте жоғарыда көрсетілген жауапкершілік "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес тікелей бағынышты адам жасаған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы өз бетімен хабарлаған басшылыққа қолданылмайды.

17. Кәсіпорын жұмыскерінің өз лауазымдық міндеттерін орындауды кезінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе кәсіпорын жұмыскерлерінің лауазымдық міндеттерін орындауды кезіндегі сыйбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимылған өзгеше түрде жәрдем көрсеткен жұмыскер мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіліген тәртіллен көтермеленеді.

18. Осы ережелер сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпаратты хабарлаған адамдарға қолданылмайды, олар занға сәйкес жауапты болады.

19. Кәсіпорын жұмыскерлерінің өз лауазымдық міндеттерін орындауды кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарға жәрдем көрсететін қызметкер туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және занда белгіленген тәртіппен ұсынылады. Көрсетілген ақпаратты жария ету занда белгіленген жауаптылыққа әкеледі.

7-тарау. Корытынды ережелер

20. Нұсқаулық Мекеме басшысы бекітken күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

21. Нұсқаулыққа енгізілетін өзгерістер/ толықтырулар Мекеме басшысы бекітken күннен бастап күшіне енеді.